

Киевка кенті көшелерінің аттарын өзгерту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Киевка кентінің әкімінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 18 ақпанда N 8-14-66 тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысын басшылыққа ала отырып және Киевка кентінің Ленин, Киров, Пржевал, Скалозубов көшелерінің тұрғындары атынан ұсынылған көшелерінің атын өзгерту туралы өтінулеріне қарап:

1. Киевка кентінің келесі көшелерінің атаулары өзгертілсін:
 - 1) Ленин көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
 - 2) Киров көшесі Жамбыл көшесіне;
 - 3) Пржевал көшесі Ш. Уалиханов көшесіне;
 - 4) Скалозубов көшесі Жолдекей Нұрмағанбетұлы көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Кент әкімі

Б. Шайжанов